

**Әлкей Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университеті**  
**7М01211 – «Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту педагогикасы»**  
**мамандығы бойынша білім алушы магистранттарының**  
**ғылыми-зерттеу практикасынан өтуі туралы**  
**ШҚІР**

Ғылыми-зерттеу практикасының мақсаты - отандық және шетелдік ғылымның ең жаңа теориялық, әдіснамалық және технологиялық жетістіктерімен, ғылыми зерттеудің, эксперименттік деректерді өңдеудің және түсінік берудің қазіргі заманғы әдістерімен танысу.

Ғылыми-зерттеу практикасынан 2023 жылғы 7 ақпандағы № 324 бұйрығына сәйкес 7М01211 – «Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту педагогикасы» білім беру бағдарламасының 2 курс магистранттары Орал Тоғжан, Маханова Жанаргуль, Ахтамберова Бакытнур – Астана қаласы, Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігінің «Балаларды ерте дамыту институты» республикалық мемлекеттік мекемесінен өтті.

Магистранттар практика жетекшісінің тапсырмасына сәйкес ғылыми-зерттеу тәжірибесін орындау үшін жеке күнтізбелік жоспарларын дайындады. Балаларды ерте дамыту институтының ғылыми қызметкерлерімен танысты. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту жүйесінің мазмұнындағы жаңа өзгерістер мен тәсілдері талқыланды. Мекеме басшысы Адамова Манара Елекеновна магистранттардың «Ұлттық ойындарды пайдалану арқылы мектепке дейінгі жастағы балалардың дене тәрбиесін жетілдіру», «Қоршаған ортамен танысу арқылы мектеп жасына дейінгі балалардың танымдық іс-әрекетін жандандыру», «Роль сезонных экскурсий в развитии познавательного интереса дошкольников» тақырыбындағы диссертациялық зерттеу жұмыстарын қарастырып, кеңес берді.

Магистранттар Астана қаласындағы пилоттық жобадан өткен «№95 «Алматы» бөбекжай-бақшасы» МКҚК-мен танысып, балалардың күн тәртібін, бала мен педагогтің қарым-қатынасын, заттық-кеңістік дамытушы ортаны ұйымдастыруын бақылап, талдау жүргізілді.

Мектепке дейінгі ұйымдар мен мектепалды даярлық сыныптары өз қызметінде басшылыққа алатын 19 нормативтік құжаттармен жұмыс жасайды, оның ішінде ғылыми-зерттеу практикасы кезінде «Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделі», «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты», «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы», «Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарлары», «Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары» нормативтік құқықтық актілері зерделенді.

Тәжірибе барысында магистранттар Тоғжан Орал, Жанаргуль Маханова, Бакытнур Ахтамберова мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту мәселелерін, жай-күйін талқылап, тәжірибе алмасып, өз пікірлерін ортаға салды.

Магистранттар мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту бойынша педагогке қажетті кәсіби құзыреттіліктерді жетілдіруге ұмтылып, өз жұмыстарына үлкен жауапкершілік танытты. Ғылыми-зерттеу практикасы нәтижелі өтті.

**ҚР ОАМ «Балаларды ерте дамыту институты» РММ директоры**



**М.Е. Адамова**

17.02.2023